

Демалысыңды қалай өткіздің?

Жанардың отбасы Vs Асқардың отбасы

Жанардың отбасы қалада тұрады. Қалада демалыс орындары көп. Жанар отбасымен бірге демалыс кезінде циркке барғанды жақсы көреді. Оған циркте жануарлардың өнерін тамашалаған қатты ұнайды. Жанардың отбасы демалыс күндері мейрамханаға барады. Мейрамханада әртүрлі ұлттың тағамдарын жегенді жақсы көреді. Жанар мейрамханадан шығып отбасымен саябақта серуендеп қайтады.

Асқардың жазғы демалысын ата- әжесінің ауылында өткізді. Ауылда Асқардың достары өте аз. Оның жазғы демалысы қызықсыз өтіп жатқандай. Бүгін Асқар ауылдағы екі баламен танысты. Олар Асқарды ауыл жанындағы көлге түсіп, көңілді уақыт өткізуге шақырды. Олар көлге барып бірге әңгіме айтып, тамақ ішті. Асқардың осы жазғы демалысы өзіне қатты ұнады. Асқар бұл демалысын ешқашан ұмытпайды.

Тапсырма:

Әр отбасыға сипаттама жазып шық



Жанардың отбасы



Асқардың отбасы